

## **Қазақстан Республикасының темір жолын қайта ұйымдастыру және оны қаржылық-экономикалық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 қараша N 1417

Республика темір жолының қаржылық-экономикалық жағдайы соңғы кездері елеулі түрде нашарлап кетті.

1996 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша темір жолдың дебиторлық берешегі 24,3 млрд теңге болды, кредиторлық берешегі 40,0 млрд теңгеден асып кетті, оның ішінде бюджетке - 4,5 млрд теңге жалақы бойынша - 3,3 млрд теңге.

Жолдарда инвестициялық қызмет іс жүзінде тоқтап қалды, вагондар мен локомотив паркі ескірді, олардың 60 проценті әбден тозды, жолдардың жоғарғы құрылымының 5,5 мың шақ. жөндеуаралық мерзімінен артық пайдаланылуда, жылжымалы составтардың пайдаланудың пайдалану көрсеткіштері нашарлауда, еңбек өнімділігі төмендеп, тасымалдаудың өзіндік құны өсе түсуде.

Жолдар арасындағы өзара дебиторлық-кредиторлық берешек 5,0 млрд. теңгеден асты.

Қозғалысты басқарудың, вагондар легін жоспарлаудың бірыңғай орталығы мен тасымал үшін төлеудің есептеу орталығының болмауы жылжымалы составты пайдалануды елеулі түрде нашарлатады, жүк тасымалының ұтымсыздығына әкеп соқтырады.

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру мен мемлекеттік меншікті қайта құрылымдау бағдарламасын орындау, сондай-ақ Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолын қаржылық-экономикалық сауықтыру мен дағдарыстан шығару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Қазақстан Республикасының Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес:

Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары мемлекеттік кәсіпорындарында қайта ұйымдастыру процедураларын жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлесін;

аталған мемлекеттік кәсіпорындарда сыртқы басқару орнату жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

сенімді басқарушының кандидатурасы ретінде Е.Ж. Қалиев ұсынылсын;

"Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамымен Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармаларының қаражатты пайдалануына қаржылық бақылауды

жүзеге асыруға агенттік келісім жасасын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамын тарта отырып, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары мемлекеттік кәсіпорындарының қаржылық жағдайларына аудиторлық тексеру жүргізуді ұйымдастырсын және оның қорытындысы бойынша жоғарыда аталған мемлекеттік кәсіпорындардың кредиторлық және дебиторлық берешектерін қайта құрылымдау,

өндірістік инфрақұрылымдарын оңтайландыру және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

2.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойған - ҚРҰ-нің 1997.01.31. N 129  
қаулысымен.

P970129\_

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 21 қарашадағы  
N 1417 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының темір жолын қайта ұйымдастыру  
және қаржылық-экономикалық сауықтыру жөніндегі үкіметтік  
комиссияның  
ҚҰРАМЫ

Лавриненко Ю.И. - Қазақстан Республикасы Көлік және  
коммуникациялар министрі, комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

Кетебаев М.К. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрінің орынбасары

Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
орынбасары

Молоканов А.А. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік  
комитеті төрағасының орынбасары -  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік  
комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта  
ұйымдастыру жөніндегі агенттіктің директоры

Фельд Е.Д. - "Қазкоммерцбанк" ААҚ Басқарма төрағасының  
орынбасары (келісім бойынша)

Каплан Т.Л. - Қазақстан Республикасы Көлік және  
коммуникациялар министрлігі экономикалық  
басқармасының бастығы

Шубин Б.Е. - Қазақстан Республикасының Темір-жолшылар  
мен көлік Құрылысшылары кәсіподақтары  
орталық Кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)